



ЖШС «Нұр Мерекесі» бөбекжай-бала
бақшасының меңгерушісі:
А.Калмуратова
2023 ЖЫЛ

**ЖШС «Нұр Мерекесі»
бөбекжай- балабақшасының
2023-2024 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс
жоспары**

Сарыағаш қаласы

Жылдық жоспардың структуралық моделі

1. Ұйымдастыру жұмыс

- 1.1 Кіріспе
- 1.2 2022-2023 оқу жылының жұмысын талдау
- 1.3 2023-2024 оқу жылының міндеттері
- 1.4 Бөбекжай бала-бақшаның күн тәртібі
- 1.5 Базистік оқу жоспары (ұйымдастырылған оқу-қызметінің кестесі)

2 . Мамандармен жұмыс

- 2.1 Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі
- 2.2 Педагогтардың іскерлік дағдысын көтеру
- 2.3 Құқықтық біліктілікті арттыру
- 2.4 Семинарлар
- 2.5 Педагогтар үшін кеңестер
- 2.6 Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау, ендіру.
- 2.7 Педагогтардың өз білімдерін көтеру жоспары
- 2.8 Педагогикалық кеңестер
- 2.9 Меңгеруші жанындағы кеңестер
- 2.10 Өндірістік кеңестер
- 2.11 Әдістемелік кабинетінің жұмысы
- 2.12 Дәрігерлік қызмет
- 2.13 Қауіпсіздік мектебі
- 2.14 Шығармашылық жұмыс.
- 2.15 Жас мамандармен жұмыс жоспары
- 2.16 Ашық ұйымдастырылған оқу

3. Балалармен жұмыс

- 3.1 Ертеңгіліктер
- 3.2 Серуендер
- 3.3 Жазғы сауықтыру шаралары

4. Оқу-тәрбие жұмысын бақылау мен басқару

5. Ата-аналармен жұмыс

- 5.1 Жалпы ата-аналар жиналысы
- 5.2 Топтар жиналысы
- 5.3 Ата-аналар консультациясы
- 5.4 Ашық есік күндері

6. Шаруашылық - әкімшілік жұмысы

7. Бөбекжай-бақшаның мектеппен байланыс жоспары

1.1.Кіріспе

«Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округі, Дархан ауылы, Ә.Мұсаев көшесі №28 мекемеде орналасқан.

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасында төмендегідей құрылтайшылық құжаттар бар:

- Түркістан облысы әділет Департаментінің Сарыағаш ауданының әділет басқармасының заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткізгені туралы 2021 жылғы 16 ақпанда берілген куәлігі №KZ53RVK0055114, БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі) -140440033107;

- Түркістан облысының Статистика департаментінің 2013 жылғы 13 маусымда берілген статистикалық картасының ҚҰЖС мемлекеттік сыныптаушы бойынша коды -51019701;

- Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармасының медициналық қызметпен айналысуға 2024 жылғы 22 қаңтарда рұқсат берген сериясы №24001719 медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензиясы және осы лицензияға №5683 қосымша;

- Түркістан облысы әділет Департаментінің Сарыағаш ауданының әділет басқармасында «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы 2018 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген.

- Сарыағаш қаласы әкімінің 2016 жылғы 01 қыркүйекте №011-38931қаулысының негізінде жалпы алаңы 264,2 ш.м. жер учаскесін тұрақты пайдалану құқығын беретін актілер;

-Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкестілігін көрсететін Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №7-45 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы;

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасының ғимараты 2011 жылы салынған, құрылыс ауданы – 156 шаршы метр, ғимараттың жалпы ауқымы – 936м жалпы алаңы -264,2 шаршы метрден тұратын күйдірген кірпіштен салынған екі қабатты ғимарат, жобалық қуаттылығы -69 бала.

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасының ғимараты 2011 жылы салынған, құрылыс ауданы – 44 шаршы метр, ғимараттың жалпы ауқымы – 132м жалпы алаңы -35,7 шаршы метрден тұратын саманнан салынған бір қабатты ғимарат

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасының ғимараты 2011 жылы салынған, құрылыс ауданы – 43 шаршы метр, ғимараттың жалпы ауқымы – 129м жалпы алаңы -33,2 шаршы метрден тұратын саманнан салынған бір қабатты ғимарат,

Аумағы түгел қоршалған, көгалдандырылған, абаттандырылған. Су жүйесі, кәріздеу жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі орталықтырылған. Желдету жүйесі талапқа сай. Ғимаратта: әдістемелік кабинеті, акт залы, медициналық

кабинеті, есеп-қысап бөлмесі, психолог және логопед бөлмелері бар. «Балапан» тобы кіші топ, «Сұңқар» орта топ, «Бәйтерек» ересек тобы

Барлық топтарда жатын бөлмелері, ойын-сабақ бөлмелері, әжетхана-жуыну бөлмелері және тамақтандыру бұрыштары бар.

Сонымен қатар ғимаратта меңгеруші кабинеті, музыка залы, әдіскер кабинеті, педагог-психолог кабинеттері орналасқан.

Бөбекжай-бақшаның ауласындағы бөлек ғимаратта ас блогы мен кір жуу бөлмесі, көкөністер мен жемістерді сақтайтын қойма орналасқан.

Топтар қажетті жабдықтармен, көрнекі оқу құралдарымен жабдықталған. Санитарлық-гигиеналық талаптарына сай мекемеде ылғалды жинау жұмыстары залалсыздандыру заттарын қолдана отырып, күнделікті жүргізіледі.

Жұмыс тәртібі - 5 күндік.

Ұзақтығы - 10,30 сағат.

Тамақтандыру - үш реттік.

Топтардың саны -5 оларда 120 бала бар.

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 2023 жылғы 07 желтоқсандағы № X08XKZ42VW0122204 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысына сәйкес ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-бақшасының жалпы санитарлық-гигиеналық және материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай.

Істер номенклатурасы. ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай бала-бақшасының меңгерушісі А.Калмуратова тарапынан бекітілген. Істер номенклатурасы 9 құрылымдық бөлімше индекстерінен тұрады. Істер номенклатурасы бойынша іс папкілері арналып, папкілерде номенклатуралық нөмірлер белгіленген.

Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқаулары. Бөбекжай-бақшаның штаттық кестесі ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай бала-бақшасының меңгерушісі А.Калмуратова бекітілген.

Меңгеруші -1 шт. бірлік, әдіскер -1 шт. бірлік, тәрбиешілер -6 шт. бірлік. Жалпы штат кестесі 16 штат бірлігін құрайды, оның ішінде 9 штат бірлігі педагог қызметкерлер, қазақ тілі пәнінің мұғалімі және психологі, 7 штат бірлігі қосалқы кіші қызметкерлер.

Барлық педагогтар мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен қауіпсіздік техникасы жөнінде лауазымдық нұсқаулықтары бар, барлығы таныстырылып, қолдары қойылған.

Кадрлар құрамына талдау

Бөбекжай-бақшаның қызметкерлерінің саны -16 адам, оның ішінде педагог қызметкерлер 9. Штаттық кесте бойынша 6 штат бірлік тәрбиеші, психолог және қазақ тілі пәнінің мұғалімі, тәрбиешілердің барлығына 1,0 жүктеме бөлініп берілген.

**ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-балабақшасында 2023-2024 оқу жылында
9 педагог қызмет атқарады.**

| Жалпы педагог саны | Білімі | | Бітірген оқу орнының түрі | | | | Оқу түрі | | | | Жекеменшік оқу орындарын бітіргендер | | | | Маман емес |
|--------------------|--------|--------------|---------------------------|--------------|------------|--------------|----------|--------------|---------|--------------|--------------------------------------|--------------|-------------------|--------------|------------|
| | Жоғары | Орта арнаулы | мемлекеттік | | жекеменшік | | күндізгі | | сырттай | | Күндізгі оқу түрі | | Сырт-тай оқу түрі | | |
| | | | жоғары | Орта арнаулы | жоғары | Орта арнаулы | жоғары | Орта арнаулы | жоғары | Орта арнаулы | жоғары | Орта арнаулы | жоғары | Орта арнаулы | |
| 9 | 5 | 0 | 2 | 0 | 5 | 1 | 4 | 0 | 2 | 0 | 0 | 4 | 0 | 2 | - |

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-балабақшасы педагог кадрлардың штаттық жүктемесі

| № | Жылдары | Педагогтар саны | Жоғары санатты | % | Бірінші санатты | % | Екінші санатты | % |
|---|-----------|-----------------|----------------|-----|-----------------|---|----------------|---|
| 1 | 2023-2024 | 9 | 5 | 40% | 0 | 0 | | |

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-балабақшасы педагогтарының еңбек өтілі

| № | Жыл-дары | 0-5 жыл | | 5-10 жыл | | 10-15 жыл | | 15-20 жыл | | 20 жылдан жоғары |
|---|-----------|---------|-----|----------|-----|-----------|--|-----------|--|------------------|
| 1 | 2023-2024 | 7 | 80% | 2 | 20% | | | | | |

Тәрбиеленушілердің контингенті. Тәрбиеленушілердің контингентінің сандық құрамы санитарлық нормаға сәйкес келеді. Ата-аналармен келісім-шарт түзілген. Мазмұны талапқа сай.

ЖШС «Нұр Мерекес» бөбекжай-балабақшасының 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілерінің санының құрылымы

| Контингент құрылымы | Ерте жас «Балапан» тобы | «Сұңқар» тобы | Ерте жас «Бәйтерек» тобы |
|----------------------|-------------------------|---------------|--------------------------|
| Тәрбиеленушілер саны | 19 | 25 | 25 |

Бөбекжай-бақшаның Жарғысына сәйкес Сарыағаш аудандық білім бөлімінің жолдамасымен кезекке тұру тәртібі бойынша ата-ананың өтініші, баланың туу туралы куәлігі, медициналық карта (*медициналық комиссияның қорытындысы*), т.б. құжаттардың негізінде қабылданады. Ұлттық құрамы бойынша бөбекжай-бақшада барлығы қазақ балалар тәрбиеленеді. Басқа ұлт өкілдерінен 1 өзбек ұлты тәрбиеленуде. Отбасы құрамына қарай: толық отбасыдан шыққан бала саны – 69, толық емес отбасыдан шыққан әлеуметтік жағдайы төмен – 11 отбасы бар.

2023-2024 оқу жылында топтар төмендегідей реттелген:

«Балапан», «Сұңқар», «Бәйтерек», топтары

Бөбекжай-бақша бойынша 2023-2024 оқу жылында –69 бала бар.

Жұмыс істеу тәртібі: 8.00-ден – 18.30-ға дейін.

2023-2024 оқу жылында бөбекжай-бақшада төрт (4) ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізілді:

1. «Коммуникация» білім беру саласы бойынша I-ортанғы «Балапан» тобында «Төлдерін тани біл» атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Тәрбиеші оқу іс-әрекеті барысында балаларға үй жануарларын таныстырып, олардың төлдерін атауды, қалай дыбыстайтындығы жайында үйретті.

2. «Таным» білім беру саласы бойынша «Балапан» тобында «Математика әлеміне саяхат» атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында тәрбиеші балаларға геометриялық фигуралар: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбермен таныстырды. Сонымен қатар балаларға геометриялық фигуралардың бұрыштарын, карточкалардағы суреттерді 10-ға дейін үш тілде санауды үйретті. Қырқылған карточкалардан төрт түліктердің суреттерін құрастырып, олардың аттарын атап айтып берді.

3. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша дене шынықтыру жетекшісі топтарда «Алақай, қыс келді!» атты қысқы эстафеталық ойындар сайысын өткізді. Сайыс барысында балалардың шапшаңдығы, тапқырлығы, жылдам екендіктері айқын көрінді.

4. «Коммуникация» білім беру саласы бойынша мектеп алды даярлық «Сұңқар» тобында «Ертегілер қиялдан сыр шертеді» атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналастырды және ертегідегі кейіпкерлердің атын үш тілде атап айтып шығып, төлдерін көрсетті. Тәрбиеші «Шығармашылық» білім саласын үйлестіре отырып балаларға үй

хайуанаттарының бейнелерін ермексаздан жасатты. Дайын болған мүсіндердің атын атап, түстері мен төлдерін балалар айтып берді.

1.3 2023-2024 оқу жылының міндеттері:

- Баланың ой-өрісін жаңашыл бағытта дамытып, жаңа технологиялармен жұмыс жасай алатын, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Негізгі міндеттері :

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез – құлқы, нормасын, тәртіптік ережесі, қоғамда қалыптасқан халық салт – дәстүр үлгісінде қалыптастыру.
Білім салалары: «Коммуникация», «Әлеуметтік орта».
2. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, ұлттық салт – дәстүр негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білім салалары: «Денсаулық», «Таным».

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ісін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, жаңашыл әдіс-тәсілдерді ендіру арқылы жетілдіру.

1. «Денсаулық» саласы:

а) Балаларды жаттығуларды өздігінен дұрыс орындауға, ойынға ықыласпен көңілді қатысуға, денені тік ұстауға, сәнді жүруге, затты алысқа аспандата лақтырып, қағып алуға, жүру, жүгіру, еңбектеу, өрмелеуге, тепе-теңдік сақтауға, кеуде, аяқ-кол бұлшық еттерін жетілдіруге, екі-екіден төртеуден тұрып сап түзеп жүруге үйрету.

2. «Таным» білім саласы

а) Балаларды, қоршаған ортаны, табиғат әлемінің құбылысын зерттеуге үйрету, логикалық – математикалық ойлауын дамыту, кеңістік, пішін, өлшем, уақыт туралы негізгі түсініктері жөнінде білімін жіктеу және реттеу іскерліктері мен дағдылары арқылы негізгі математикалық қабілеттерін дамыту.

б) Кеңестік қатынасын (жоғары, төмен, оң, сол, алға, артқа, 5-ке дейін санау, геңдік, теңсіздік, көп, аз, салыстырмалы, бөлік, тұтас, жартысы, төрттен бірі) белгілеу іскерлігін қалыптастыру.

в) Геометриялық қатынас: (төртбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш, пішіндерді ажыратып, атауға, геометриялық денелер куб, цилиндр, шар) көріп ұстап сезу арқылы ажырату

г) Уақытты бағдарлау: (тәулік бөліктері, күндіз, түн, таңертең, кеш) кеше, бүгін, ертең сөздерін дұрыс пайдалануға, (тез-жай) сөзінің мағынасын түсіну.

3) өлшем бірлігін ажырату (ұзындық, ені, биік, аласа, жуан-жіңішке) беттестіру, салыстыру, екі затты үшінші заттың ұзындығымен салыстыра отырып өсу, кему ретімен орналастыруға іскерлігін қалыптастыру

3. «Коммуникация» білім беру саласы:

- Балаларды сауаттылық негіздерін меңгеруге дайындау.

- Балаларды қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлгісінде қалыптастыру.

4. «Шығармашылық» білім беру саласы:

- Баланың бейнелеу, көркем тілдік, музыкалық іс-әрекетінде эстетикалық сезімдерін, шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ету.

5. «Әлеуметтік» білім беру саласы:

- Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыру.

1.4 Балабақшаның күн тәртібі

| Күн тәртібінің элементтері | «Балапан» тобы | «Сұңқар» тобы | «Бәйтерек» тобы |
|--|----------------|---------------|-----------------|
| Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар, таңертеңгі жаттығулар. | 08.00 – 09.10 | 08.00 – 09.10 | 08.00 – 09.10 |
| Таңғы ас | 09.15 – 09.45 | 09.10-09.40 | 09.15 – 09.45 |
| Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | 09.45-10.00 | 09.40-10.00 | 09.45-10.00 |
| Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 10.00 -11.00 | 10.00-10.40 | 10.00 -11.00 |
| Серуенге дайындық | 11.00-11.10 | 10.40-11.00 | 11.00-11.10 |
| Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар | 1.10-12.00 | 11.00-11.50 | 1.10-12.00 |
| Серуеннен оралу. Гигиеналық және шынықтыру шаралары | 12.00-12.10 | 11.50-12.00 | 12.00-12.10 |
| Түскі ас | 12.10-13-10 | 12.05-13.05 | 12.10-13-10 |
| Күндізгі ұйқыға жатқызу, ұйқы | 13.10-15.25 | 13.05-15.20 | 13.10-15.25 |
| Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары | 15.25-15.55 | 15.20-15.50 | 15.25-15.55 |
| Бесін ас | 15.55-16.10 | 15.50-16.05 | 15.55-16.10 |
| Вариативтік компонент. Сюжеттік – рөлдік ойындар, шығармашылық және дидактикалық ойындар | 16.10-16.50 | 16.05-16.40 | 16.10-16.50 |
| Серуенге дайындық | 16.50 – 17.00 | 16.40-16.50 | 16.50 – 17.00 |
| Серуен, қимылды ойындар. | 17.00 – 18.00 | 16.50 – 18.00 | 17.00 – 18.00 |
| Балалармен, ата-аналармен қарым – қатынас. Балалардың үйге қайтуы | 18.00 – 19.20 | 18.00-19.20 | 18.00 – 19.20 |

1.6 Базистік оқу жоспары
ЖШС «Нұр Мерекесі» бөбекжай-балабақшасының 1 жастан 6 жасқа дейінгі
балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұйымдастырылған оқу
қызметтерінің оқу жоспары
2023-2024 оқу жылы

| № | Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі | «Балапан» топтары | «Сұңқар» топтары | «Байтерек» топтары |
|---|--|----------------------|---------------------|-----------------------|
| 1 | «Денсаулық» | 3 | 3 | 3 |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 |
| | Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | - | - | - |
| 2 | «Коммуникация» | 1 | 1 | 1 |
| | Сөйлеуді дамыту | 0,5 | 0,5 | 0,5 |
| | Көркем әдебиет | 0,5 | 0,5 | 0,5 |
| | Сауат ашу негіздері | - | - | - |
| | Қазақ (орыс топтарда) Орыс (қазақтоптарда) | - | - | - |
| | Шет тілдерінің бірі | - | - | - |
| | Драма | - | - | - |
| 3 | «Таным» | 1 | 2 | 1 |
| | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру | - | - | - |
| | Сенсорика | 0,5 | 0,5 | 0,5 |
| | Құрастыру | - | 0,5 | - |
| | Жаратылыстану | 0,5 | 1 | 0,5 |
| 4 | «Шығармашылық» | 2 | 3 | 2 |
| | Сурет салу | 0,5 | 1 | 0,5 |
| | Мүсіндеу | 0,5 | 0,25 | 0,5 |
| | Апликация | - | 0,25 | - |
| | Музыка | 1 | 1,5 | 1 |
| 5 | «Әлеумет» | - | - | - |
| | Өзін-өзі тану | - | - | - |
| | Қоршаған ортамен танысу | - | - | - |
| | Экология негіздері | - | - | - |
| 6 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы | 7-15 мин. | | 7-15 мин. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі | 7 | 9 | 7 |
| 8 | Вариативтік компонент | - | - | - |
| 9 | Барлығы | 7 | 9 | 7 |



«Бекітемін»

ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
А.Калмуратова

**ЖШС «Нұр Мереке» бөбекжай- балабақшасы
«Балапан», «Сұңқар», «Бәйтерек», топтарының (2-5 жас)
2023-2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің
К Е С Т Е С І**

| Апта күндері <hr/> Білім салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|--|---|--------------------------|---|--|
| «Денсаулық»-3 | Қауіпсіз мінез- құлық негіздері (0,5) 1-3 апта <hr/> Дене шынықтыру (0,5) 2-4 апта | | Дене шынықтыру (1) | | Дене шынықтыру (1) |
| «Коммуникация»-5 | Сөйлеуді дамыту (1) | Сауат ашу негіздері (1) | Ағылшын тілі (1) | Орыс тілі (1) | Көркем әдебиет (0,5) 1-3 апта <hr/> Драма (0,5) 2-4 апта |
| «Таным»-2,5 | Құрастыру (0,5) 1-3 апта | | Жаратылыстан у (1) | Қарапайым математикалы қ ұғымдарды калыптастыру (1) | |
| «Шығармашылық»-5 | | Сурет салу (1) <hr/> Музыка (1) | | Мүсіндеу (1) | Апликация (1) <hr/> Музыка (1) |
| «Әлеуметтік орта» -1,5 | | Экология негіздері (0,25) 1-апта <hr/> Қоршаған ортамен таныстыру (0,25) 2-апта | | | Өзін-өзі тану (1) |

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны– 17.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут

2.3. Құқықтық біліктілікті көтеру

| Р/с | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|----------------|-----------|
| 1 | ҚР Президентінің 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауын талқылау | Жыл басында | Меңгеруші |
| 2 | Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты құжаттарды оқу | Айына 1 рет | Тәрбиеші |
| 3 | Құқықтық тәрбие туралы құжаттармен жұмыс жүргізу жолдарын үйрету, күндерін өткізу | Тоқсанда 1 рет | Меңгеруші |
| 4 | Қазақстан Республикасының Конституциясымен толық танысу | IX | Меңгеруші |
| 5 | «Білім туралы Заңы | X | Меңгеруші |
| 6 | «Тіл туралы» Заңы | XI | Меңгеруші |
| 7 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы | XII | Меңгеруші |
| 8 | «Жергілікті басқару органдары» Заңы | I | Меңгеруші |
| 9 | «Қ.Р Еңбек кодексі» | II | Меңгеруші |
| 10 | «Балалардың негізгі құқықтары туралы» Заңы | III | Меңгеруші |
| 11 | Зейнеткерлік туралы» Заң | IV | Меңгеруші |
| 12 | «Азаматтық кодексі» | V | Меңгеруші |

2.5 Семинарлар

| № | Жұмыс мазмұны | Лекция | Практика | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|--------|----------|---------|----------------------------|
| 1 | «Экологиялық тәрбие- рухани адамгершілікке тәрбиелеу жолы» | 1 | 1 | IX | Меңгеруші |
| 2 | «Табиғатты қорғайық» | 1 | 1 | X | Тәрбиеші |
| 3 | Су,күн, ауа-біздің достарымыз | 1 | 1 | XI | Тәрбиеші |
| 4 | Өсімдіктер әлемі | 1 | 1 | XII | Тәрбиеші |
| 5 | Сумен ойындар | 1 | 1 | 1 | Дене шынықтыру мұғалімі |
| 6 | Табиғат құбылыстарын бақылауға,табиғатқа Қызығушылық білдіруге тәрбиелеу | 1 | 1 | I | Сазгер |
| 7 | Менің елім-Қазақстан | 1 | 1 | II | |
| 8 | Балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы тілін дамыту | 1 | 1 | III | Тәрбиеші |

2.6 Педагогтар үшін кеңестер

| р/с | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|--|---------|-----------|
| 1 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жаңа стандартының негізгі ережелерін меңгеру | IX | Меңгеруші |
| 2 | Үлгілік оқу бағдарламаны күн тәртібін негізге ала отырып ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде, балалардың тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру | IX | Меңгеруші |
| 3 | Құрдастарымен, ересектермен жағымды қатынас жасауға қабілетті, белсенді бала тұлғасын қалыптастыру | X | Меңгеруші |
| 4 | Еңбекке жағымды қарым-қатынас және еңбек ету ниетін тәрбиелеу | XII | Меңгеруші |
| 5 | Желілі рөлдік ойындарда табиғи заттарды пайдалану | I | Меңгеруші |
| 6 | Ұлттық, халықтық педагогиканы негізге ала отырып мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру | II | Меңгеруші |
| 7 | Танымдық ойындарға арналған құралдар, көрнекіліктер сапасы, саны | III | Меңгеруші |

2.6. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, ендіру.

| № | Аты, жөні | Тақырыбы | Тарату түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|------------------------|----------------------------|-------------------------------------|----------|-----------|
| 1 | ЖШС «Нұр Мерекесі» б/б | Тіл дамыту ІІ кіші топ | Тәжірибемен танысу ҰОҚ-не ендіру | Жыл бойы | Меңгеруші |
| 2 | | Қоршаған ортамен таныстыру | ҰОҚ-не ендіру | Жыл бойы | Меңгеруші |
| 3 | | Математика ІІ кіші топ | ҰОҚ-не ендіру | Жыл бойы | Меңгеруші |
| 4 | | Математика Ортаңғы топ | ҰОҚ-не ендіру | Жыл бойы | Меңгеруші |
| 5 | | Сенсорлық тәрбие кіші топ | ҰОҚ- не ендіру | Жыл бойы | Меңгеруші |

2.8 Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу тәрбие үдерісінің сапасын жақсарту.

| p/c | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|---------|--------------------|
| 1 | <p style="text-align: center;">1-кеңес</p> <p>1. а) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерімен таныстыру.</p> <p>ә) "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14009 болып тіркелді. Ондағы 1-ші қосымша 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.</p> <p>б) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру</p> <p>в) ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасымен таныстыру.</p> <p>г) ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстыру.</p> <p>2. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.</p> <p>3. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары. (Баяндама)</p> <p style="text-align: center;">4. «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі» (пікір алмасу)</p> <p>5. Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі</p> <p>6. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту</p> | VIII | Меңгеруші пед ұжым |

| | | | |
|---|---|-----|---|
| 2 | <p style="text-align: center;">2-кеңес</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде .</p> <p>2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жоспар құрылымы.Баяндама</p> <p>3.Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап) Ата-аналармен жұмыс түрлері</p> <p>4.Ашық сабақтарды талқылау</p> | X | <p>Меңгеруші</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>Пед ұжым</p> <p>Меңгеруші</p> |
| 3 | <p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2..Мектеп жасына дейінгі балаларды ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік, білім беру. баяндама</p> <p>3.Балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу. Викториналық сұрақтар</p> <p>4.Зерттеу-ізвестіруәрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме</p> <p>5. Ашық сабақтарды талқылау</p> | XII | <p>Меңгеруші</p> <p>Меңгеруші</p> |

| | | | |
|---|--|-----|---|
| | <p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2.Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру. Баяндама</p> <p>3.«Табиғат – біздің анамыз!» атты тақырыбына жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі</p> <p>4 .Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талқылау</p> | III | <p>Меңгеруші</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>Меңгеруші</p> |
| 5 | <p style="text-align: center;">5-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.</p> <p>2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі</p> <p>3.Қорытынды мониторинг.</p> <p>4.Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.</p> | V | <p>Меңгеруші</p> <p>Пед ұжым</p> <p>Меңгеруші</p> |

2.9 Меңгеруші жанындағы кеңестер

| p/c | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|--|---------|-----------|
| 1 | <p style="text-align: center;">1-кеңес</p> <p>1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы.</p> <p>2.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.</p> <p>3.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде.</p> <p>4. «Алтын күз»мерекесі бағдарламасын бекіту.</p> | IX | Меңгеруші |
| 2 | <p style="text-align: center;">2-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.«Алтын күз» мерекесін,Тіл апталығын талқылау.</p> <p>3.Математикалық ұғымдар. Заттардың сағын, ретін , көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету, жоспарлау. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы Ортаңғы және II-кіші топ</p> <p>4.Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту</p> | XI | Меңгеруші |
| 3 | <p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.Тәуелсіздік күні,жаңа жыл мерекелерін талқылау</p> <p>3..Жарты жылдық мониторинг.</p> <p>4. Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жабдықталуы, жоспарлануы. Тақырыпты тексеру қорытындысы</p> | I | Меңгеруші |
| 4 | <p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> | III | Меңгеруші |

| | | | |
|---|--|------|--|
| | <p>2.Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту.</p> <p>3.Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан Және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы. Тақырыпты тексеру қорытындысы</p> | | |
| 5 | <p>5-кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.Сегізінші наурыз,Наурыз мерекесін талқылау.</p> <p>3Балалардың өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау.Салыстырмалы тексеру.Ортаңғы,II-кіші топ.</p> <p>4.Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту</p> | V | Меңгеруші |
| 6 | <p>6-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>3Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық.</p> <p>4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.</p> | VIII | <p>Меңгеруші Тәрбиешілер</p> <p>Шаруашылық меңгерушісі</p> |

2.10 Өндірістік кеңестер

| p/c | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|--|---------|--|
| 1 | <p style="text-align: center;">1-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау,балалар тізімін анықтау</p> <p>4.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау,қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу.Ішкі еңбек тәртібі.Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.</p> | VIII | Меңгеруші Тәрбиешілер |
| 2 | <p style="text-align: center;">2-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2..Жылу мәселесі</p> <p>3 .Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау.</p> <p>4.Қысқы маусымдағы қар,мұздан балаларды сақтау.</p> | XII | Меңгеруші Тәрбиешілер |
| 3 | <p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау.</p> <p>2. «Әже ертегі айтып берші»Халықтық педагогикаға тәрбиелеу.Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.</p> | III | Меңгеруші Тәрбиешілер |
| 4 | <p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Жазғы сауықтыру шараларын бекіту</p> <p>3.Медициналық кеңестер</p> <p>4.Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде.</p> | V | Меңгеруші Тәрбиешілер Шаруашылық меңгерушісі |

2.11 Әдістемелік кабинеттің жұмысы

| р/с | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|---------|-----------|
| 1 | Кабинетті әдістемелік құралдармен, оқулықтармен жабдықтау. | VIII | Меңгеруші |
| 2 | Кабинетті дидактикалық материалдармен толықтыру. | үнемі | |
| 3 | Жылдық жоспар, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін түзу. | IX | |
| 4 | Балабақша ғимаратындағы қабырға газеттерін шығару. | үнемі | |
| 5 | Мемлекеттік стандарт талап-ережелеріне сай оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуын бақылау, реттеу, кеңес беру. | үнемі | |
| 6 | Жас мамандарға оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда көмек беру. | үнемі | |
| 7 | Әртүрлі тақырыпта ұзақ және қысқа мерзімді жобалар жасап өткізу жөнінде кеңес беру. | үнемі | |
| 8 | Көптілділікке тәрбиелеуде әдіс-тәсілдер ұсыну. | үнемі | |
| 9 | Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұсыну. | үнемі | |

2.12 Дәрігерлік қызмет

Мақсаты: Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жеке гигиена дағдыларын меңгерту, өз денсаулығына саналы көзқараспен қарауға тәрбиелеу.

| p/c | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|--|--------------|------------------------|
| 1 | Балаларды қабылдау, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін таңертеңгілік сүзгіден өткізу. | үнемі | Медбике Тәрбиешілер |
| 2 | Балабақша қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қадағалау. | үнемі | |
| 3 | Асхана қызметкерлерінің денсаулығын қадағалау. | үнемі | Медбике |
| 4 | Ас мәзірін жазғанда тамақтың әртүрлі әрі, құнарлы болуын қадағалау. | үнемі | Медбике |
| 5 | Балабақшада таңертеңгілік дене жаттығуларын қадағалау. | үнемі | Медбике |
| 6 | Балабақшадағы серуендер, саяхаттар, іс-шаралар, суда жүзу, қайшымен жұмыс, табиғи материалдармен жұмыс, қол еңбегі кезінде ережелер сақталуын қадағалау. | үнемі | Медбике |
| 7 | Салмағы көп, аз, сондай-ақ денсаулығы жоқ балалармен денсаулығын нығайту жұмыстарын жүргізу. | үнемі | Медбике |
| 8 | Қызметкерлермен, ата-аналармен санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу. | ай сайын | Медбике |
| 9 | Әр тоқсанда учаскелік балалар дәрігерімен бірге балалардың денсаулығын тексеруден өткізу. | тоқсан сайын | Медбике |
| 10 | Ауладағы ойын құралдарының қауіпсіздігін, балалар ойнайтын құмның тазалығын тексеріп, қадағалап отыру. | үнемі | |
| 11 | Әр тоқсанда учаскелік балалар дәрігерімен бірге балалардың денсаулығын тексеруден өткізу. | тоқсан сайын | |
| 12 | Ауладағы ойын құралдарының қауіпсіздігін, балалар ойнайтын құмның тазалығын тексеріп, қадағалап отыру. | үнемі | |

2.13 Қауіпсіздік мектебі

| p/c | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|-----------------------|-------------|
| 1 | <p>Педагогтармен:</p> | IX | Меңгеруші |
| | <p>Нормативтік құжаттарды оқу «Қ.Р.Еңбек Кодексі» «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау» нұсқауы.</p> | | |
| | <p>Ұйымдастыру жұмысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> -қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасау -балалар үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау. | | Медбие |
| | <p>Қызметкерлермен жұмыс:</p> <ul style="list-style-type: none"> -оқыту мен нұсқау беру -жұмыс орнындағы нұсқау -кеңес беру -әдістемелік ұсыныстар беру -жарақат алудың алдын алу - «зақымданушыға алғашқы көмек көрсету тәсілдері» тәжірибелік сабақ. | X XI | Тәрбиешілер |
| | <p>Балалармен жұмыс:</p> <p>Балалармен жұмыс істеуге қауіпті жағдайлар бойынша нұсқау беру:»Біздің үйде», «Таблеткалар мен кәмпиттер», «Көшенің арғы бетіне өтейік», «Пышақ ойыншық емес». Ойын:»Менің досым бағдаршам», «Менің қауіпсіздігім».</p> | XII II | Медбике |
| | <p>Тәрбиеленушілерді жыл мезгілдеріне сай өмірі мен қауіпсіздігін сақтау үйрету:</p> | III | Тәрбиешілер |
| | <p>-серуендеу алдында балаларды әйнек, шеге, сымдардан сақтануға</p> | Жыл мезгіліне сай | |
| | <p>-ауызға гүл, саңырауқұлақтар мен өсімдіктерді салмауға --ағаштарға өрмелемеуге, ойын кезінде құмды шашпау, тәрбиешіден бөлек алысқа кетпеу</p> | V VIII XII I | |
| | <p>-қарды ауызға салмау, қолғаппен ұстау, шатырға жақын жүрмеу, тәрбиешінің рұқсатымен сырғанау.</p> | VIII үнемі | |
| | <p>-ит пен мысықты қолмен ұстамау -шомылу кезінде ережені сақтау -қол еңбегі кезінде қайшымен, инемен ұқыпты жұмыс істеу, желімді ауызға салмау -электр құралын өз бетінше қоспау -жолда жүру ережесін сақтау</p> | үнемі V | |

2.14 Шығармашылық жұмыс тақырыптары

| р/с | Мазмұны | Педагогтың аты – жөні |
|-----|---|-------------------------------|
| 1 | Мейірімділікті табиғаттан үйренейік. | Г.Транбаева |
| 2 | Табиғат ортасы | Н.Анарбаева |
| 3 | Балалармен гүлдер әлеміне саяхат | М.Тиллабекова |
| 4 | Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы молайту | А.Джарасова |
| 5 | Балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту және қалыптастыру. | Д.Музафарова |
| 6 | Балаларға түрліше жаттығулар жасатып, гимнастикалық ойындар мен спортты меңгеруге үйрету. | Б.Исамбекова М.Тиллабекова |
| 7 | Ағылшын тілінде балалардың ой саналары мен қабілеттерін дамыту. Драманы ағылшын тілінде сахналастыра білуге баулу. | |
| 8 | Балалардың ментальды арифметикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, есеп шотты пайдаланып есептерды ойша шығара білуге, игеруге үйрету | Н.Анарбаева |
| 9 | | |

2.15 Жас мамандармен жұмыс жоспары

| р/с | Іс шаралар мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|-----|--|---------|-----------|
| 1 | Жас мамандарға тәлімгер педагогтар белгілеу. | VIII | Меңгеруші |
| 2 | Жас мамандарға оқу тәрбие үдерісін жоспарлау жөнінде кеңес беру. | IX | Меңгеруші |

| | | | |
|---|---|-----|-----------|
| 3 | Жас мамандарды тәлімгер педагогтар сабақтарына ендіру. | X | Меңгеруші |
| 4 | Жас мамандарға балалардың өмірін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау жолдарын үйрету. | XI | Меңгеруші |
| 5 | Жас мамандарға қысқа және ұзақ мерзімді тақырыпты жобалар түзуді үйрету. | XII | Меңгеруші |
| 6 | Балалардың танымын дамытуда түрлі ойындар маңызын , мақсатын тиімді етіп алуда кеңес беру. | I | Меңгеруші |
| 7 | Балалармен , ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынас орнатуда кеңес беру. | II | Меңгеруші |
| 8 | Құқықтық білім алуын, біліктілігін арттыруына ұсыныс беру. | III | Меңгеруші |

2.16 Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер

| р/с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|---------|---------------|
| 1 | Таным. Математика. «1-ден 5-ке дейін санау» Ересек -«Балапан» тобы | I X | Л.Түймебаева |
| 2 | Әлеумет.Қоршаған ортамен таныстыру«Жабайы жануарлар» Ортаңғы – «Сұңқар» тобы | X | А.Усенбаева |
| 3 | Денсаулық. «Көңілді спорт» II-кіші топ. | XI | К.Куанышбаева |
| 4 | Таным. Қоршаған ортамен таныстыру.«Ертегілер әлеміне саяхат» Ересек -«Бәйтерек» тобы | I | Н.Абдиева |

| | | | |
|---|--|----|--------------|
| | | | |
| 5 | Таным.Экология негіздері «Өсімдіктер әлемі» Ересек – «Байтерек» тобы | II | Н.Абдиева |
| 6 | Таным.Математика. «Заттарды кеңістікте бағдарлау» Ортанғы топ– «Сұңқар» тобы | IV | А.Усенбаева |
| 7 | Коммуникация. Ағылшын тілі. « Менің отбасым» Ортанғы– «Байтерек» тобы | V | Л.Серикбаева |

3. Балалармен жұмыс

3.1.Ертеңгіліктер

| р/с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|-----|----------------------------|-------------|---|
| 1 | Білім күні | IX | Тәрбиешілер |
| 2 | Конституция күні | X | Тәрбиешілер |
| 3 | Алтын күз мерекесі | XI | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 4 | Тәуелсіздік күні | XII | Тәрбиешілер |
| 5 | Жаңа жылдық шырша мерекесі | XII | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 6 | 8-Наурыз аналар мерекесі | III | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 7 | Наурыз – жыл басы мерекесі | III | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 8 | Туылған күндер | 2-айда 1рет | Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |

| | | | |
|----|---------------------------------|-----|--|
| 9 | Денсаулық мерекесі | IV | Тәрбиешілер |
| 10 | Ғарышкерлер күні | IV | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 11 | Құстар күні | V | Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер |
| 12 | Жеңіс күні | V | |
| 13 | 1- Маусым Балаларды қорғау күні | VI | |
| 14 | Жарқын жаз | VII | |

3.2 Серуендер

| р/с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|----------------------------|--|
| 1 | Мектепке | IX | Ересек топ тәрбиешісі |
| 2 | Мақта даласына | X | Ересек топ тәрбиешісі |
| 3 | Емханаға | X | Ересек топ тәрбиешісі |
| 4 | Стадионға | XI | Ортаңғы топ тәрбиешісі |
| 5 | Мешітке | III | Ересек топ тәрбиешісі |
| 6 | Дәріханаға | IV | Ересек топ тәрбиешісі |
| 7 | Дүкенге | XII | Ересек топ тәрбиешісі |
| 8 | Қала көшелеріне (жаз,күз,қыс,көктем) | Жыл мезгілдеріне сай | Ортаңғы, II- кіші топ тәрбиешісі |
| 9 | «Жеңіс» саябағына саяхат | III | II- кіші топ тәрбиешісі |

3.3 Жазғы сауықтыру іс- шаралар жоспары

| р/с | Іс - шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|-----|---|-------------------|--|
| 1 | <p>Балалармен оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру</p> <p>а) Балабақшаны жазғы маусым жұмыс кестесіне ауыстыру.</p> <p>ә) Жазғы сабақ кестесін бекіту.</p> <p>б) Жазғы сауықтыру іс шаралары кезіндегі қызметкерлердің негізгі міндеттерін белгілеу .</p> | V | Меңгеруші |
| 2 | <p>Балаларды шынықтыру</p> <p>а) Ауа және күн ваннасын қабылдау.</p> <p>ә) Жалаң аяқ құм үстінде жүру.</p> <p>б) Бассейнде шомылу.</p> <p>в) Қимылды ойындар.</p> | VI VII | Тәрбиешілер Медбике |
| 3 | <p>Балаларды еңбекке баулу</p> <p>а) Ауладағы гүлдерді күтіп баптау, топтағы бөлме гүлдеріне су құю, күтім жасау.</p> <p>ә) Табиғат бұрышындағы құстарға, балықтарға, жем беру.</p> <p>б) Топтағы ойыншықтарды жуып, күтіп ұстау, кезекшілік етуге үйрету.</p> <p>в) аулада, топта тазалық сақтау.</p> | VII | Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер |
| 4 | <p>Мерекелер</p> <p>а) Спорттық мерекелер.</p> <p>ә) 1-Маусым Балаларды қорғау күніне ертегілер, ойын-сауықтар, мерекелік концерттік бағдарламалар ұйымдастыру.</p> <p>б) Сәлем жаз мерекесі.</p> <p>в) туылған күндер.</p> | VII VI VIII | Тәрбиешілер Медбике |

4. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару

| p/c | Мазмұны | Бақылау түрі | Топ | Мерзімі | Жауапты | Қорытынды |
|-----|---|--------------|----------------------|---------|-----------|-----------|
| 1 | Топтардың жана оқу жылына дайындығы | Шолу | Барлық топ | VIII | Меңгеруші | МЖК |
| 2 | Математикалық ұғымдар. Заттардың санын, ретін, көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету, жоспарлау | Салыстырмалы | Ересектер тобы | X | Меңгеруші | МЖК |
| 3 | Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жабдықталуы, жоспарлануы | Тақырыпты | Ортаңғы, II-кіші топ | XII | Меңгеруші | МЖК |
| 4 | Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы. | Тақырыпты | Ересектер тобы | II | Меңгеруші | МЖК |
| 5 | Балалардың өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау | Салыстырмалы | Ересектер тобы | IV | Меңгеруші | МЖК |